«Жасөспірімдер арасындағы өз өзіне қол жұмсау жағдайларының алдын алуға» байланысты мектеп психологы Г.Сағындықова ата-аналармен кеңес өткізді. Бейне материалдар көрсетіліп, ата-аналарға балаларының өмірін сақтап қалу турал жадыналамалар таратылды. Олардың ой пікірлері тыңдалды.

Ата-аналар жиналыстарында «Мектеп пен отбасы – баланың ортақ тәрбиесі» тақырып қозғалды. «Мейірімді жүректен» қайырымдылық акциясы ұйымдастырылды. «Тәуекел тобындағы оқушылардың ата-аналарымен психолог және класс жетекшілері бірлескен жұмыстарды жоспарлы жүргізіп отырды.

15-қыркүйек отбасы күніне орай тәлімгер А.Қ.Бақбергеннің ұйымдастыруымен тақырыптық шығармашылық байқау өткізілді. Байқауға 5-6 класс оқушылары онлайн қатысты. Оқушылар бақытты отбасы бейнесін суреттеді. Жеңімпаздар алғыс хатпен марапатталды.

Республикалық «Отбасы-тәрбие басы, мектеп – тәрбие жаршысы» бірыңғай класс сағаты өткізілді. Арнайы берілген тұжырымдама негізінде класс жетекшілер әр-класс бойынша тақырыптық класс сағаттарын, бейнефильмдер көрсету, фотосуреттер өткізді.

«Отбасы – бақыт мекені» бескүндігі аясында қабырға газеттері, бірыңғай класс сағаттары, буклеттер сайысы өткізіліп, оқушылар марапатталды.

15 мамыр - Отбасы күніне орай жалпы республикалық бірыңғай ата-аналар жиналысы өткізілді. Ата-аналар жиналысы дәстүрлі форматта қалалық білім бөлімінің ұсынған тұжырымдамасы негізінде өткізіліп балалардың жазғы демалысын ұйымдастыру, балалар мен жаспірімдердің жаз мезгіліндегі қауіпсіздігі шаралары туралы, жазғы мектепте оқытуды ұйымдастыру хабарланып, әр класс бойынша оқушылардың оқу үлгерімдері педконсилиум түрінде хабарланды.

Әр тоқсан сайын мектеп ата – аналар комитетінің отырысы өткізілді. Мектептегі тәрбиеге қиындық келтіретін оқушылармен атқарылатын жұмыстар, ата-аналар комитетінің отырыстары, мектептегі аз - қамтамасыз етілген , тұрмысы төмен отбасы балаларын анықтау, көмектер ұйымдастыру жұмыстары жүргізілді. Атап айтар болсақ, «Мектепке жол», «Ризашылық», «Жәрменке» қайырымдылық акциялары мектеп ата-аналары белсене қатыстырылып, арнайы категориядағы отбасы балаларына мектеп оқу – құралдарын, мектеп, спорттық киімдер, жаңажылдық сыйлықтар, күзгі, қысқы сырт киімдерін алып беруге өз үлестерін қосты.

Мектептегі отбасы күніне арналған, мамандыққа байланысты, жаңа жыл, 8 наурыз мерекелеріне оқушылармен бірге ата – аналары қатыстырылып, белсенділіктерін көрсетті.

Арнайы мектеп директорының бекіткен бұйрығы негізінде комиссия мүшелері мектеп оқушыларын ыстық тамақпен қамтамасыз ету бойынша жұмыстарды бақылап, тоқсанына I рет санитариялық – эпидемиологиялық талаптарға сай болуын тексеріп отырда.

Қазіргі еліміздегі пандемиялық короновирустық инфекцияның алдын – алуға қорғаныш құралы маска тігуге де мектебіміздің 70% ата – анасы қатысып, өз белсенділіктерін көрсетті.

Қорытынды: Отбасы тәрбиесі бағыты бойынша іс –шаралар жоспарлы өткізілді. Ата – аналармен біріккен бала тәрбиесіне байланысты әңгімелесулер, мамандық таңдауға байланысты жоғарғы классата – аналарымен дөңгелек үстел, қазіргі қоғамдағы қыз бала тәрбиесі, жасөспірімдер арасындағы құқықбұзушылықтың алдын – алу шаралары өткізілді.

Оқу жылы бойы тәрбие жоспарына сәйкес мектеп ата – аналарымен онлайн форматта «Жаңа оқу жылындағы балаларды оқыту», «Смартфон және әлеуметтік желінің зияндығы», «Қауіпсіздік, зорлық-зомбылықсыз балалық шақ, қауіпсіз интернет және жасөспірім тәрбиесі», «Қашықтықтан оқытуда балаға ата-ана тарапынан психологиялық көмек», «Bilim Foundation» ұйымы бойынша ата-аналар мен ұстаздарға түсіндірме жұмыстары, «Қашықтықтан оқытуда ата-аналарға психологиялық көмек» тақырыбында жиналыстар өткізілді.

Қыз бала тәрбиесіне байланысты «Ерте жүктіліктің алдын алу» мақсатында қыз балалар арасында онлайн зум платформасы арқылы гинеколог дәрігермен кездесу өткізілді. Сонымен қатар ватсап желісі арқылы түсіндірме жұмыстары жүргізіліп, бейнероликтер көрсетілді.

Барлық санитарлық талаптарды сақтай отырып, 1-11 кластарда дәстүрлі форматта педконсилиум түрінде екі бөлімде өткізілді. Жиналысқа мектеп ата – аналары белсенді қатысып, класс жетекшілерінен, пән мұғалімдерінен балаларының оқу үлгерімі, жазғы мектептің ұйымдастырылуы, жазғы демалыс және жазғы демалыс кезіндегі қауіпсіздік туралы ақпараттандырылды.

I маусым – балалардың құқығын қорғау күніне орай мектеп ата – аналар комитетінің төрайымы З.Койшибаева мен мүшесі Ж.Абдрахманованың демеушілігімен мектептің арнайы категориядағы отбасы балаларына мерекелік шара ұйымдастырылып, тегін балмұздақтар таратылды.

Ү. «Еңбек, экономикалық және экологиялық тәрбие, кәсіптік бағдар» бағыты бойынша

Мақсаты: кәсіби өзін-өзі анықтауға саналы көзқарасты қалыптастыру, экономикалық ойлауды және тұлғаның қамтамасыз ететін мотивациялық кеңістікті қалыптастыру.

Әр оқу жылының басында еңбек, экономикалық және экологиялық тәрбие, кәсіби бағдар беру бағытында жұмыстар жоспары құрылып, бекітілді. Жоспар кәсіптік бағдар беруде үнемі жүргізілетін жұмыстар және мектепшілік жүргізілетін іс - шаралар бойынша жасалды.

Қыркүйек айында түлектердің орналасуы бойынша ҚББ- не есебі тапсырылды.

ҚР Президенті Қ.К.Тоқаевтың өскелең ұрпаққа жүргізілетін экологиялық ағарту жұмыстары туралы берген тапсырмаларына сәйкес, «Рухани жаңғыру» бағдарламасы аясында 5-8 класс оқушыларына «Экология және денсаулық» тақырыбында мектеп медбикесі А.К.Жумағалиева онлайн сабақ өткізді. Сабақта табиғаттың тазалығы – адам денсаулығының кепілі екенін түсіндіре отырып, табиғатты қорғау, ең алдымен өз денсаулығыңды қорғау болып табылатынын түсіндірді. Осы бағытта 6 класта «Таза экология – салауатты өмірдің кепілі» экосағаты өткізілді. Оқушыларға табиғат пен адамзаттың тығыз байланыстылығы, адам денсаулығының негізі түсіндірілді және 11 класта «Экология мәдениеті дегеніміз не?» тақырыбындағы экосағатта экологиялық мәдениетті қалыптастыру бағытында білім берілді.

Дәстүрлі күз мерекесі жоспарлы ұйымдастырылды. Бастауыш класс оқушылары «Күз кереметтері» тақырыбында шығармашылық тапсырмалар орындап, көрме жасады. Жоғары класс оқушылары арасында «Күз ханзадасы мен ханшайымы» онлайн байқауы ұйымдастырылып, 8 «ә» класс оқушылары жеңімпаз атанды. Аталған оқушылар жаңа жыл қарсаңында республикалық «Педагоги и интеллектуальные дети» ғылыми – әдістемелік Білім журналына жарияланды. Журналдың бас редакторы З.Б.Бекниязова оқушыларды құттықтап, жаңажылдық сыйлық табыс етті.

Қалалық деңгейдегі оқушылардың қоршаған ортаның өзекті мәселелеріне назар аудару мақсатында ұйымдастырылған «Таза әлем» әлеуметтік экологиялық плакаттар байқауынан 11 класс оқушысы Т.Сарина ІІ орын иеленді.

Кәсіптік бағдар беру, мамандық таңдауға қолдау көрсету мақсатында 9-11 класс оқушыларынан мамандық таңдауға дайындығын анықтау сауалнамасы алынды. Сауалнама қортындысы бойынша оқушылар мамандық таңдау кезінде басқа адамдардың араласуынсыз немесе әлеуметтік, материалдық жағдайдан тыс өз қалауымен, яғни өз қабілеттеріне сәйкес таңдау жасайтындығын, өздері қалайтын мамандықтарды көбінесе басылымдар арқылы оқып, жұмысқа қабылдануға мүмкіндіктері мол мамандықтарды таңдайтындықтарын көрсеткен.

Мамандықтар бойынша оқушыларға баяндамалар оқылып, түсіндірме жұмыстары өткізілді. «Қойма», «Менің таңдауым осы», «Менің баспалдағым», «Менің арманым», «Өрмекшінің торы» тренингтері, «Мамандығым мақтанышым» әдістемесі өткізілді. Бұл әдістеме бойынша оқушылар өздеріне қойылған сұрақтарға жауап беріп, өзіне берілген мамандықтың жағымды жақтарын айтып, қорғап шықты. Сонымен қатар оқушыларға ситуациялық сұрақтар қойылып, әр оқушылар өздерінің ойларымен бөлісті. Мамандық бойынша рольдік ойындарды сомдады. Оқушыларға баспалдақ салынған парақтар беріліп, әр басқышқа болашаққа деген өз арман,

- Кәсіптік бағдар беру бойынша

9 – 11 класс оқушыларына оқу жылы бойы мамандық таңдауға байланысты жылдық жұмыс жоспарына сәйкес іс – шаралар, мамандықтар туралы кездесулер онлайн форматта өткізілді. Сынып сағаттары, психологиялық көмек көрсету жұмыстары жүргізілді.

9 класс бойынша 24 оқушының 6-ы арнаулы орта білім беретін оқу орындарына тапсыруды жоспарлап отыр, қалған 18- і мектепте 10-шы класты жалғастырып оқиды.

9 класс бойынша					
Оқу жылдары	Барлық оқушы саны	10 класка	Колледжге	Грант	Ақылы
2017-2018	30	17	8	7	1
2018 - 2019	25	18	7	7	-
2019 - 2020	29	18	11	-	-
2020 - 2021	24	18	6	-	-

Оқушыларға оқу орындарының мамандықтар туралы ақпарат парақшалары таратылды. Мектеп психологы Г.Т.Сағындықова кәсіптік бағдар беру жұмысы бойынша өзінің қабілетін, белгілі бір кәсіптік салаға бейімділігін анықтауына, соның негізінде жоғары буында оқу бағдарын дұрыс таңдауына көмек беру және қолдау көрсету мақсатында оқушылармен диагностикалық жұмыстар жүргізді: «Аяқталмаған сөйлем» анкета, «Сенің кәсіби ой - ниетің» сауалнамасы, «Мен және менің жан дүнием», «Мені қоршаған әлем» тренингтерін жүргізді.

Бұдан басқа 9, 11 класс жетекшілерімен бірігіп, мамандық таңдау бойынша ата – анамен бірлескен «Мамандық. Еңбек. Болашақ.» кластан тыс шарасы өткізілді. Бұл іс-шараның мақсаты - оқушылардың жеке бастарының бәсекелестікке деген қабілетін, белгілі бір еңбек әрекетіне дайындық білімділігін қалыптастыра отырып, түрлі еңбек жағдайына араласуға деген тәрбиелік ұмтылысын, шығармашылық сауаттылық белсенділігін дамыту болып табылады.

Мамандықтар бойынша оқушыларға баяндамалар оқылып, түсіндірме жұмыстары өткізілді.

Көрсетілген тесттерді алу, ойындар мен тренингтерді өткізу нәтижесінде оқушылар өздері таңдайтын мамандық туралы ойын бір жүйеге келтіріп, өз бетінше шешім қабылдап, өзіндік мақсаттарын айқындай білу қабілеттілігін арттырады, жауапкершілік, міндеттілік, зерттеушілік әрекетін іске асыру мүмкіндіктерін кеңейтеді, оқушының тұлғалық және өмірлік өзін-өзі тануын қамтамасыз ететін болашақ кәсіби бағдарына сәйкес дербес дамуына жағдай жасауды және болашағына мақсат қоюды қалыптастырады.

Еңбек және экологиялық тәрбие беру мақсатында қазан айында дәстүрлі «Алтын күз» мереке - байқауы, «Табиғат сұлулығы» табиғи материалдардан даярланған экибаналар көрмесі өткізілді. Оқушылар белсенділікпен қатысып, марапатталды.

ҮІ. «Зияткерлік тәрбие, ақпараттық мәдениет тәрбиесі» бағыты бойынша

Мақсаты - әрбір тұлғаның зияткерлік мүмкіндігін, көшбасшылық қасиеттерін және дарындылығын, сондай –ақ ақпараттық мәдениетін дамытуды қамтамасыз ететін уәждемелік кеңістік қалыптастыру, тәрбие процесіне “Өзін –өзі тану” адамгершілік – рухани білімді кіріктіру.

Абай Құнанбайұлының 175 жылдығына орай Ақтөбе қалалық жастар ресурстық орталығының ұйымдастыруымен «Абай сөзі – ұрпақ темірқазығы» атты шығармашылық байқаудың «Үздік өлең» номинациясы бойынша 9 класс оқушысы Оңдыбаева Алтынгүл, «Үздік шығарма және эссе» номинациясы бойынша 9 класс оқушысы Бридун Дана марапатталды.

Жас Ұлан ұйымының Ұланбасы сайлауы өткізілді. Сайлауға 8 – 10 класс оқушылары «Егер мен Ұланбасы болсам...» өз бағдарламаларын ұсынып, мектеп инстапарақшасына жариялады. Мектеп ұстаздары, оқушылары мен ата – аналарының онлайн дауыс беруі арқылы сайлау нәтижесі шығарылды. Мектеп Ұланбасы болып 10 класс оқушысы Бекқалиева Назира (312) сайланды.

«Жас Ұлан» ұйымының белсенділерімен «Мектеп Ұланбасына кім лайық?» тақырыбында зияткерлік тренинг өткізілді. Белсенділер жан – жақты қамтылған тапсырмалар орындап, пікірлесті.

«Елбасының дара жолы», «Әлем мойындаған көшбасшылық», «Тұңғыш Президент – ел мақтанышы», «Елбасы – кеменгер көшбасшы» тақырыптарында класс сағаттары өткізіліп, «Балалық шағымның аспаны», «Елбасы жолы» тақырыбында бейнефильмдер көрсетіліп, танымдық ақпараттар берілді. Бастауыш кластар «Елбасы – ел тірегі» тақырыбында сурет көрмесін ұйымдастырып, Елбасының еңбек жолы туралы ақпараттық стенд әзірледі.

Қазіргі қоғамда орын алып отырған жасөспірімдердің ақпараттық технологияларды жиі пайдалану мәселесі бойынша класс ата –аналар жиналысында «ҚР Білім туралы заңы-сапалы білім алудың негізі» туралы мектеп ережесінің тармағымен таныстыру, жанаша оқыту мәселелері бойынша баяндама оқылды. Класс сағаттарында оқушылармен ұялы телефон, компьютер, планшет, т.б. қолданғанда қандай сақтық шараларын қолдану, ұзақ пайдаланудың әсері туралы жұмыстар жүргізілді. Класс жетекшілердің тәрбие жоспарына сәйкес «Кітап – сарқылмас қазына » ашық класс сағаты, «Кішкентай білгірлер» кластан тыс шарасы, «Жақсылық қылсам өзімнен, жамандық қылсам өзімнен» ашық класс сағаты, «Білім еліне саяхат» зияткерлік ойындары өткізілді.

Мемлекет басшысы Қ.К.Тоқаевтың «Жас ұрпақты қолдап, қорғау – болашақты қорғау. Жастар – ел тірегі» деген ойын ұстана отырып ұйымдастырылған ҮІІ халықаралық «Alash star» өнер додасынан 11 класс оқушысы Сарина Томирис бейнелеу номинациясы бойынша бас жүлде дипломымен марапатталды. Шығармашылық жұмысы баспаға шығарылды.

Мектепалды даярлық тобының тәрбиеленушісі Бахтияр Әділет I маусым – балаларды қорғау күні қарсаңында ҚАЗАҚСТАН –АҚТӨБЕ телеарнасының «Қайырлы таң, Ақтөбе» бағдарламасының қонағы болып келді. Ә.Бахтияр мәнерлеп оқу байқауларының қалалық, республикалық, халықаралық байқауларының жеңімпазы.

ҮІІ. «Көпмәдениетті және көркем – эстетикалық тәрбие» бағыты бойынша

Мақсаты - тұлғаның жалпымәдени мінез – құлық дағдыларын қалыптастыру, өнерде және болмыста эстетикалық нысандарды қабылдау, меңгеру және бағалау әзірлігін дамыту, білім беру ұйымдарында көпмәдениетті орта құру.

Мектеп фойесінде «Абай Құнанбаевтың туғанына 175 жыл», «Әл Фарабидің туғанына 1150 жыл» тақырыбында ғұламалардың нақыл сөздері жазылған лозунгтер ілініп, бұрыш жасақталды.

Наурыз мерекесіне орай оқушылар ұлттық салт – дәстүріміз туралы слайдтар дайындап, ұлттық тағам түрлерін насихаттады.

1 мамыр – халықтар достығы мерекесі қарсаңында бастауыш класс оқушылары әр ұлттың ұлттық киімдерін киіп, өнерлерін онлайн режимінде көрсетті.

7 мамыр – Отан қорғаушылар күні мен 9 мамыр Ұлы Жеңістің 75 жылдығын мерекелеу бойынша оқушылар өздерінің ҰОС қатысқан ата – бабаларының соғыс жылдарындағы өмірін баяндап, портретімен фотоколлаж жасады, бейнероликтер әзірледі. Отан қорғаушылар күніне орай онлайн құттықтаулар жүргізді. 1-10 класс жетекшілері тақырыпқа сай бейнероликтер дайындап, мектептің инстаграмм парақшасына жариялады:

Дәстүрлі ұстаздар мерекесіне орай мектеп оқушылары өздерінің жүрекжарды құттықтауларын бейнеролик арқылы білдіріп, мектептің инста парақшасына жариялады. Мектебіміздің ардагер ұстаздары туралы арнайы бейнебаян арқылы құттықтау ұйымдастырылып, инстаграммға жарияланды.

1 маусым – Халықаралық балаларды қорғау күніне орай «Бақытты бала – бақытты ел» республикалық акциясы аясында мектебіміздің 5-6 класс оқушылары Ақтөбе облыстық тарихи-өлкетану мұражайына және Жас натуралистер станциясына барып, тарихи жәдігерлерді тамашалады және экобағыттағы танымдарын байытты.

ҮІІІ. «Дене тәрбиесі, салауатты өмір салты» бағыты бойынша

Мақсаты - салауатты өмір салты дағдыларын тиімді меңгеру, дене дамуы мен психологиялық денсаулықты сақтау, денсаулыққа зиян келтіретін факторларды анықтау біліктілігін ойдағыдай қалыптастыру үшін кеңістік орнату.

Денсаулық күніне орай «Спорт – біздің серігіміз» денсаулық фестивалі өткізілді. 7-11 класс оқушылары мектеп футбол алаңында спорттық іс-қимылдармен флеш-моб жасады. Бастауыш кластарда «Салауатты өмір салтын сақтаймыз» тақырыбында асфальтта сурет салу ұйымдастырылды.

Педикулез және қышыма, қотыр ауруларының алдын – алу бойынша оқушылардың тазалығын тексеру рейді ай сайын өткізіліп отырады. Жекелеген оқушылармен мектеп медбикесі жұмыстар жүргізіп, қадағалап отырды.

Ақтөбе медициналық оқу орталығының балалар гинекологы маманы 7 класс қыз балаларына «Қыз баланың жыныстық тәрбиесі» тақырыбында лекция оқып, гигиеналық заттар таратты. Қыз балаларға тақырыптық бейнеролик көрсетіліп, сұрақ – жауап өткізді.

Жұқпалы аурулардың алдын-алу шаралары және «Салауатты өмір салтын қалыптастыру – денсаулық кепілі», «Зиянды заттардың алдын –алу өз денсаулығыңды сақтау», «Дұрыс тамақтану туралы не білеміз?» тақырыптарында СӨС, ЖІТС мамандарымен кездесу өткізілді.

«Тағамдық факторлармен байланысты жұқпалы аурулардың алдын - алу» тақырыбында мектеп медбикесі мен дене шынықтыру пәні мұғалімдерінің бірігуімен ЖІТС маманымен, СӨС орталығының маманымен кездесулер ұйымдастырылды. Оқушылар маманмен ашық әңгіме жүргізіп, сұрақтарына жауап алды.

Әлемде таралып кеткен коронавирус ауруына байланысты мектеп медбикесінің баяндамасы тыңдалып сұрақтар қойылды. Бұл әлемде жайлаған COVID-19 Пандемияға байланысты мектеп дәлізіндегі теледидардан вирус және одан сақтану жөнінде видеороликтер көрсетіліп тұрды.

Каникул кезеңдерінде мектеп оқушыларының бос уақытын тиімді ұйымдастыру мақсатында спорттық шаралар жоспарлы өткізіліп тұрды.

• Құқық бұзушылықтың алдын-алу жұмыстары

Оқушылар арасындағы құқық бұзушылықтың алдын-алу жұмыстары барысында «тәуекел тобындағы», есепте тұрған, дінге бейім оқушылармен сырттай бақылау, олардың ата-аналарымен жеке сөйлесу, диагностикалық, психокоррекциялық жұмыстар жүргізілді.

Құқық бұзушылықтың алдын-алу мақсатында ЗУМ платформасы арқылы «Балалардың қауіпсіздігі, күтпеген оқиғалардан алдын алу», «Смартфон мен әлеуметтік желінің зияндығы», «Зорлық-зомбылықсыз балалық шақ», «Есірткі пайдаланудың және суицидтің алдын алу» тақырыбында ата-аналар жиналысы болды. «Ерте жүктіліктің алдын-алу және қыз бала тәрбиесі» тақырыбында Ақтөбе қалалық №1 поликлиникасының жасөспірімдер гинеколог маманы А.Есеркеповамен онлайн кездесу өткізілді. Қыз балалардың жетілуі, ерте жүктіліктің зияндылығы туралы дәріс беріліп, сұрақ – жауап өткізілді.

Оқушылар арасында деструктивті діни ағымдардың алдын алу мақсатында «Аңсар» және «Дін мәселелері және қоғамы байланыс жөніндегі орталық» теолог мамандарымен кездесу өтті.

«Тик-ток желісіндегі суицидке шақыру ақпараты» болуына байланысты класс жетекшілермен жиналыс өткізілді. Оқушыларға және ата-аналарға ватсап желісі арқылы әлеуметтік ролик, слайдтар жіберіліп, тақырып бойынша видеороликтер таныстырылды. Алдын – алу бойынша ата – аналар мен оқушыларға түсіндірме жұмыстары жүргізіліп, жадынама таныстырылды.

- Суицидтің алдын-алу жұмысы

Ақтөбе облыстық білім басқармасының 2017 ж 28 тамызындағы №778 бұйрығы, Ақтөбе қаласының білім бөлімінің 25.09.2017ж №1144 бұйрығын орындау мақсатында 8-11 класс оқушыларынан «Жасөспірімдердің денсаулығы мен өмірлік дағдыларын қалыптастыру және суицидтің алдын алу» бағдарламасы аясында сауалнама өткізілді. «Қауіп» тобына, «Жоғары қауіп» тобына жататын жасөспірімдер анықталған жоқ.

8-11 кластар арасында «Жасөспірімдер денсаулығы мен өмірлік дағдыларын қалыптастыру және суицидтің алдын алу» бағдарламасы бойынша оқушыларды ақпараттандыру сабағын өткізіп, кеңес беріліп, сұрақтарына жауап берілді. Қор координаторлары 16 қазан күні мектеп педогог ұжымын және 23 қазанда 8-11 класс ата-аналарына онлайн вебинар өткізді.

- Дінге бейім оқушылармен жұмыстар

Мектеп оқушыларының арасында деструктивті діни ағымдардың алдын алу мақсатында 5-11 кластар арасында және 1-11 класс ата-аналарынан «Дінге көзқарасың қандай?» сауалнамасы алынды. Сауалнама қорытындысы бойынша деструктивті діни ағымдарға бейім оқушылар мен ата-аналар анықталған жоқ. Алайда, 7ә класс оқушысы Юсуп Мұстафа мен 8ә класс оқушысы Алдамжарова Бірханымның ата-анасының дін жолында жүрулеріне байланысты психологтың бақылауында болды. Бұл екі оқушы мектеп ережесіне сай киініп, бекітілген тәртіппен жүрді.

Жасөспірімдер арасында түрлі діни ағымдар әсерінен қорғау мақсатында «Дінге көзқарасыңыз қандай?» сауалнамасы алынды. Сауалнамаға 5-11 кластардан жалпы саны 193 оқушы қатысты.

	Сұрақтар	А	Б
	Үйіңізде кім намаз оқиды?	Отбасы мүшелері-15-8% (ата-әжесі, әкесі, ағасы, апасы)	Ешкім
	Намаз оқисың ба?	Ия - 0	Жоқ - 100% (193)

Сауалнамада анықталғандай 5-11 класс аралығында оқушылардың дәстүрлі емес діни ағымдар мен сенім-нанымдарға бейім оқушылар анықталған жоқ, мектеп ережесін сақтамай отырған оқушы жоқ.

Ата-аналар арасындағы түрлі діни ағымдар әсерінен қорғау мақсатында «Дінге көзқарасыңыз қандай?» сауалнамасы алынды. Сауалнама сұрақтары – «Қандай дінді ұстанасыз?, Намаз оқисыз ба?, Деструктивті діни ағымдарға көзқарасыңыз қандай?» болды. Сауалнама барлық мектеп оқушыларының ата-аналарына жүргізілді. Қатысқан ата-аналардың жалпы саны – 284. Сауалнама нәтижесі бойынша 1-11 сынып оқушыларының ата-аналары арасында деструктивті діни ағымдар мен сенім-нанымдарға бейім ата-аналар анықталған жоқ. Барлық ата-аналар ислам дінінде, екі ата-ана орыс және украин ұлтынан болғандықтан, христиан дінін ұстанады. Намаз оқитын ата-аналар «әбу ханифа» мазхабын ұстанады, деструктивті теріс діни ағымдарға қарсы пікірде екендігі анықталды.

Мектеп мұғалімдері арасында «Дінге бейімділікті анықтау» сауалнамасы алынды. Жалпы саны-36 мұғалім сауалнамаға қатысты. Сауалнама нәтижесі бойынша деструктивті діни ағымдар мен сенім-нанымдарға бейім мектеп мұғалімдер анықталған жоқ. Барлық мұғалімдер ислам дінін ұстанады. Деструктивті теріс діни ағымдарға қарсы пікірде.

Дінге бейім оқушылардың салыстырмалы көрсеткіші

2017-2018 жылы	2018-2019 жылы	2019-2020 жылы	2020-2021 жылы
-	Юсуп Мустафа- 5ә класс	1. Юсуп Мустафа - 6ә класс	-
-		2.Алдамжарова Бірханым – 7 класс	

- Мектепшілік есепте тұрған оқушылармен жүргізілген жұмыстар

Мектепшілік бақылауда тұрған оқушылармен жұмыстар жүргізілді. Есепте тұрған оқушылармен мектеп инспекторы және тәрбие ісі жөніндегі орынбасарымен бірлесе отырып ағартушылық-түзетушілік жұмыстары жүргізілді.

Мектепшілік есепте тұрған оқушылардың 4 жылдық салыстырмалы көрсеткіші

2017-2018 жылы	2018-2019 жылы	2019-2020 жылы	2020-2021 жылы
Арыстанғалиев Сағын	Арыстанғалиев Сағын	Бурамбаева Томирис	Бурамбаева Томирис
	Каербаев Алишер	Каербаев Алишер	
		Қамысбаева Аружан	

- «Тәуекел» тобына жататын оқушылармен жұмыстар

Тәуекел тобында тұрған оқушыларымен түсіндірме жұмыстары жүргізіліп отырылды.

Оқу жылы бойынша оқушылармен жүргізілген психокоррекциялық жұмыстар нәтежиесінде Шер Алишер №6 құқық кеңесінің қаулысымен есептен шығарылды.

Тәуекел тобындағы оқушылардың 4 жылдық салыстырмалы көрсеткіші

-	Жалбаторова Сана	Талапкалиева Айым	Шер Алишер
-	Талапкалиева Айым	-	-

- Құқық бұзушылықтың алдын алу сауалнамаларының жүргізілуі

Құқықбұзушылықтың алдын-алу мәселесі бойынша 8-11 сыныптарды зерттеу мақсатында «Кәмелетке толмаған жасөспірімдер арасындағы құқық бұзушылық пен қылмыстың алдын алу», «Зорлық-зомбылық қысым көрсету жағдайларының алдын алу», «Зиянды әдеттерге бейімділікті анықтау» және «мектептегі қауіпсіздік» сауалнамалары алынды. Алынған сауалнамалардың қорытындысы бойынша құқық бұзушылыққа, зиянды әдеттерге бейім оқушылар анықталған жоқ.

«Ерте жүктіліктің профилактикасы және оның алдын алу», «Біз өмірді таңдаймыз. Жасөспірімдер арасындағы девидиантты мінез құлықтардың алдын-алуы», «Интернет желісіндегі оқушылардың қауіпсіздігі», «Кәмелетке толмаған жасөспірімдер арасында құқық-бұзушылықтың алдын алу профилактикасы», «Есірткіге жол жоқ», «Жолда жүру ережелері мен өмір қауіпсіздігі», «Өзіңнің көңіл-күйіңе әсер ет», «Деструктивті діни ағымдар туралы не білеміз?» тақырыбында кездесулер өткізілді.

«Балалардың өмірлік дағдылары мен әлеуметтік-эмоционалды дамуын қалыптастыру» жобасы аясында оқушылармен, мұғалімдерге ZOOM платформасы арқылы кездесу өткізілді. Кездесу барысында «Депрессия», «Жаңа мектеп, жаңа орта», «Эмоциялар», «Қателеспейтін адам жоқ», «Ашуынды жене біл», «Өзіңді түсін», «Қызғаншақ болуға бола ма?», «Жұрт мен туралы не ойлайды», «Өз қалпыңнан айныма», «Алыстағым келмейді», «Блэк Джек айлағы», «Өзіңді түсін», «Менің де ата-анам ажырасқан», «Ұялшақ болғым келмейді», «Мінсіз адам жоқ», «Менің беймаза санам», «Сабыр сақта», «Мен тым уайымшылмын», «Әлсізді қорға», «Көгерген ірімшік иісі» кітаптары таныстырылды.

Құқықтық білім беру бойынша мемлекеттік бағдарламалардың және облыстық іс-шаралар жоспарларының орындалуы туралы мәлімет

№	Іс-шаралар атауы	Өткізілген іс -шара саны	Қатысушылар саны
1	Құқық қорғау органы қызметкерлері қатысуымен өткізілген	4	121
2	Кездесулер	3	115
3	Дөңгелекүстелдер	1	41
4	Рейдтер	4	11
5	Лекциялар	6	250
6	Тағыбасқалар	3	123
7	Құқықтақырыбындағысауалнамалар	1	41
8	Кәмелетке ТІЖ комиссиядақаралғаністер саны	0	0

9	Мектеп директорларына қатысты оқушылар арасында құқықбұзушылық фактілері бойынша жасалған шаралар	0	0
---	---	---	---

- Сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастыру мақсатында бірыңғай «Адалдық – адамдықтың белгісі» тақырыбында адалдық сағаты өткізілді. Оқушыларға тақырыптық әңгіме – ертегі көрсетіліп, досқа адал болу, адал еңбек ету туралы сұрақ – жауап жүргізілді.

Қазан айында мектеп мұғалімдері мен қызметкерлеріне шаруашылық бөлімінің меңгерушісі Ж.Джумагуловамен бірлесіп «Терроризм актісінің қаупі төнген жағдайдағы іс – әрекеттер тақырыбында дәріс оқыды.

- Оқушылардың бос уақытын ұйымдастыру жұмысы

Жас ұрпақ тәрбиесі адамзаттың барлық кезеңінде ғасырлар бойы дамып, өз шешімдерін тауып келеді.

Мектеп өмірінде мұғалім – басты тұлға. Мектеп мұғалімі балаларды оқытып қана қоймайды, сонымен бірге оларды тәрбиелейді.

Ұлы данышпан Абай Құнанбайұлы «Адамның адамшылдығы жақсы ұстаздан» деген қанатты сөзін айтқан. Қазіргі кезде мемлекетімізде жас ұрпақтың жан – жақты дамуымен бірге тәрбиесіне де ерекше назар аударылуда. Ұрпақ тәрбиесі - баршаның ісі. Тәрбие тек сабақ берумен ғана шектелмейді, ол сабақтан тыс уақытта да жалғаса береді және тереңдетіле түседі. Сабақтан тыс жүргізілетін әртүрлі тәрбиелік іс – әрекет әдетте сыныптан тыс және мектептен тыс жұмыс болып жүргізіледі. Тәрбие барлық уақытта және барлық жерде жүзеге асырылады. Оны белгілі бір сағатпен, сабақпен шектеуге болмайды. Оқушының бос уақытын тиімді өткізу мен балаға жақсы тәрбие беруде оқыту сабақтарына қарағанда, сабақтан тыс жұмыстар мен мектептен тыс жұмыстардың алатын орны ерекше.

Мектепшілік үйірмелер:

- Волейбол
- Баскетбол
- Футбол
- Хореография
- Вокал
- Хор
- Квиллинг
- Қолөнер

2021-2022 оқу жылында жалпы мектеп оқушыларының саны- 282, мектепшілік үйірмеге қатысатын оқушылар саны -125 оқушыны, мектептен тыс үйірмеге қатысатын оқушылар саны 58.

№	Класы	Оқушылар саны	Мектепшілік үйірме	Үйірме қатысымы	Мектептен тыс үйірме	Үйірме қатысымы
1	1	22	8	36%	5	23%
2	2	23	13	57%	-	-
3	3	24	13	54%	3	13%
4	4	24	6	25%	7	29%
5	5	31	31	100%	8	25%
6	6	27	8	30%	4	15%
7	7«А»	18	2	11%	5	27%
8	7«Ә»	18	11	61%	7	39%
9	8«А»	19	6	42%	4	21%
10	8«Ә»	18	5	28%	-	-
11	9	24	10	40%	3	13%
12	10	21	4	19%	4	22%
13	11	17	8	44%	8	44%
Барлығы		282	125	44%	58	20%

- «Адал ұрпақ» еріктілер клубының жұмыстары

№ 48 орта мектебі бойынша «Тимуршылар жасағы», «Адал ұрпақ» еріктілер клубы мектеп директорының бұйрығы негізінде құрылып, арнайы жұмыс жоспармен жұмыс жүргізді.

Мектеп оқушылары арасында сыбайлас жемқорлықтың алдын алу жұмыстарын жүргізуде, жеке жауапкершілікті күшейту бағытында заңдылықтар мен нормативтік

құжаттарды басшылыққа ала отырып, оқушылар арасында «Адал ұрпақ» еріктілер клубы құрылды. Еріктілер клубының жетекшілігіне мектеп тәлімгері А.Бақберген бекітілді.

Мектепте сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастыру бойынша модельдік тәрбие жұмысына сәйкес әртүрлі іс – шаралар жоспары жасақталып бекітілді. Клуб мүшелігіне мектеп оқушылары ерікті түрде тартылды. Мақсаты, міндеттері түсіндірілді. Президент жолдауына сәйкес Жастар жылына арналған жалпы Республикалық бірыңғай «Адалдық сағаты», «Адалдық-ардың ісі» тақырыбында 8-10 кластарға арналған дөңгелек үстел онлайн форматта өткізілді.

Жастар мен жасөспірімдер арасында әлеуметтік жауапкершілікті қалыптастыра отырып, олардың бойына рухани- адамгершілік қасиеттерді сіңіру, жас ұрпақтың патриоттық сезімдерін, көшбасшылық қабілеттерін дамыту, экологиялық, эстетикалық негіздерін қалыптастыру және құқық бұзушылықтың алдын алу, әлеуметтік тұрмысы төмен, көмекке мұқтаж, қолайсыз отбасыларына қол ұшын беру арқылы мейірімділікке тәрбиелеу мақсатында «Тимуршылар жасағы» жұмыс жоспарына сәйкес күз мезгілінде аулаларды жапырақтардан тазалау, қыс мезгілінде қар тазарту жұмыстары бойынша Металлург 56, Сәңкібай батыр даңғылындағы жалғызбасты, ардагер ата – әжелердің үйлеріне барып көмек берді. Ардагерлер үйінің ауласын лас заттардан, қоқыстардан тазалап, жинады. 7ә, 9, 11 класс оқушылары жалғызбасты қарттардың үйлеріне барып, үй ішін тазалауға көмектесті. 1 қазан қарттар күні, жаңа жыл, 8 наурыз мерекелерінде Тимуршылар қарттарымызды мерекемен құттықтап қайтты.

Мектебімізде «Адалдық» дүкені оқу жылы бойы жұмыс жасап тұрды. Дүкеннің жұмысын жауапты маман Б.К.Бисенов бекітілді. «Адал ұрпақ» еріктілер клубының мүшелері қоңырау кезінде дүкен жұмысын кезекшілікпен жүргізіп тұрды. Оқушылар өздеріне қажетті заттарды алып, ақысын арнайы қобдишаға салып отырды. Мектеп оқушылары дүкеннің жұмыс уақытын, жүргізілуін жақсы меңгерді.

«Жас инспекторлар» тобының жылдық жұмысы жоспарланды. Құрамына 7- 8 класс оқушылары тартылды. Мектеп жасөспірімдер инспекторы Ж.Балтабаевпен бірлесе жұмыс жүргізілді. Ақтөбе қалалық полиция қызметкерлерімен үш кездесу өткізілді. Кездесу барысында оқушылардың мектепке келуі және үйге қайтуы кезіндегі жол қауіпсіздігінің алдын алу, күннің қараңғы мезгіліндегі қауіпсіздік, өрт қауіпсіздігі, жазғы каникул кезіндегі қауіпсіздіктер туралы түсіндірме жұмыстары, оқу – практикалары жүргізіліп, ата – аналарына жадынама таратылды.

- **Жазғы демалысты ұйымдастыру жұмыстары**

Жазғы демалысын ұйымдастыру бойынша қазіргі уақытта оқушылардың тізімі, жауапты мамандар, мектеп кабинеттерін материалдық-техникалық жабдықтау жұмыстары ұйымдастырылған болатын.

Ақтөбе облысы білім басқармасының 26 мамыр 2020ж. күнгі № 2 – 2118 шығыс хатына сәйкес Ақтөбе облысының Тауарлар мен көрсетілетін қызметтердің сапасы мен қауіпсіздігін бақылау департаментінің 26.05.2020 жылғы № 21-27-15/3783 хатына сәйкес ағымдағы жылы облысымызда коронавирус инфекциясы бойынша эпидемиологиялық ахуалды ескере отырып мектеп жанындағы, шатырлы, киіз үй лагерьлерінің ашылуына рұқсат берілмейтіндігін хабарланды.

Осыған байланысты мектеп жанындағы лагерь, балалар ойын алаңдарын ұйымдастыру жұмыстары тоқтатылды.

Қорытынды: Тәрбие жұмысында жоспарланған жұмыстар орындалған. Құқық бұзушылықтың алдын-алу мақсатында жүргізілген жұмыстар өз деңгейінде жоспарланып орындалған. Қалалық деңгейдегі іс – шараларға мектеп оқушылары мен ата – аналары жақсы қатыстырылған. Биылғы оқу жылы бойынша ЗПБ-де тіркелген оқушы жоқ. «Тәуекел» тобындағы оқушылардың саны бір оқушыға төмендеген. «Зорлық - зомбылық», «Ерте жүктіліктің алдын - алу» шаралары бойынша арнайы мамандармен кездесулер, ата – аналармен байланыста жұмыстар жүргізілген. Дене тәрбиесі және салауатты өмір салтын қалыптастыру бағыты бойынша, үйірме жұмыстары жүйелі жүргізілген. Спорттық, әскери, шығармашылық байқаулар мен сайыстардан оқушылардың қалалық, облыстық, халықаралық деңгейде жетістіктері бар. «Жас Ұлан» балалар мен жасөспірімдер ұйымының мектепшілік және қалалық көлемдегі жұмыстары өткен жылдармен салыстырғанда қалыпты. Оқушылардың зиянды заттар пайдаланудың алдын-алу жұмыстарын жоспарлау өз деңгейінде жүргізілген.

Тәрбие жұмысының жоспарына сәйкес және қалалық білім бөлімінің нұсқауы негізінде тәрбие саласы бойынша жұмыстар жоспарлы жүргізілді. Мектептен тыс мекемелермен байланыс жасалып, арнайы мамандармен кездесулер ұйымдастырылды. Класс жетекшілер тәрбие жоспарына барлық бағытта және қосымша білім беру бағдарламасына сәйкес барлық класс сағаттарын өткізді. Класс сағаттарының тақырыптары журналға толтырылды. Жас класс жетекшілерге класс жұмысын ұйымдастыру бойынша, журналдарды толтыру, ата – анамен жұмысты ұйымдастыру бойынша бағыт – бағдар беріліп келеді. Класс ата – аналар жиналыстары, жасөспірімдер арасындағы құқықбұзушылықтың алдын – алу бойынша және басқа да мәселелер бойынша кезектен тыс жалпы ата – аналар жиналыстары өткізілді. Оқушылардың бос уақытын ұйымдастыру бойынша каникул күндеріне арнайы жоспары құрылып, іс – шаралар өткізілді.

(көшірмелері қоса беріледі)

6). Білім алушылардың жеке мүдделері мен қажеттіліктерін ескере отырып, бейінді оқытуды іске асыру (оқытудың тереңдетілген және стандартты деңгейі)

Аталған өлшемшарт бойынша оқытудың стандартты деңгейіне сәйкес оқу жоспарлары мен сабақ кестелері, бейінді оқыту құжаттары қаралды.

2017-2021 жылдар арасында білім алушылардың таңдау пәндері мен бейіндік пәндері және вариативті компоненттегі сағаттардың бөлінуі зерделенді.

2019-2020 оқу жылында 10 сыныптардың білім алушыларының таңдауы бойынша бейінді оқуға көшуі туралы педагогикалық кеңесте қаралып талқыланды. Бейіндік оқыту мамандық таңдауда, өзінің қалаған мамандығына түсіп, дұрыс жол таңдауына үлкен мүмкіндік. Бұл бейінді оқытуды таңдау бырысында білім алушылардың ата-аналарымен, оқушылармен түсіндірме жұмыстар жүргізілді. Мектеп жаратылыстану- математикалық бағыт болғандықтан физика, биология пәндері таңдалды.

2019-2020 оқу жылында 10 сыныптар 2012 жылғы 8 қарашадағы № 500 бұйрығына өзгерістер енгізу туралы 2019 жылғы 15 мамырдағы №205 бұйрығының 2-қосымшасына сәйкес білім алуда. Мектебімізде тереңдетілген деңгейде Білім алушылардың жеке мүдделері мен қажеттіліктерін ескере отырып, бейінді оқытуды іске асыру жүргізілмейді.

(көшірмелері қоса беріледі)

7). Ерекше білім беру қажеттілігі бар білім алушылардың ерекшеліктерін және жеке мүмкіндіктерін ескере отырып оқыту процесін ұйымдастыру болған жоқ, себебі ерекше балалар болған жоқ.

8). ЖББ ҮОЖ сәйкес жүзеге асырылатын вариативтік компоненттің факультативтері мен таңдау курстарын іске асыру.

Осы өлшемшарт бойынша 2018-2019, 2019-2020, 2020-2021, 2021-2022 оқу жылдары жалпы білім беретін үлгілік оқу жоспарларына сәйкес вариативтік компоненттің оқу жүктемесінің жұмыс оқу жоспары, сабақ кестесі жасалып, бекітілген. Вариативті компонент бойынша оқу бағдарламалары жасалып бекітілді. Вариативтік компонент үлгілік оқу жоспарына сәйкес жасалған. 2018-2022 оқу жылдарындағы вариативтік компонент сағаттары kundelik.kz электронды журналына енгізіліп толтырылған. Вариативті бөліктердің бағдарламаларының көшірмелерін электронды түрде ұсынылды.

9). «Өмір қауіпсіздігінің негіздері» міндетті оқу курсы зерделеу.

Осы өлшемшарт бойынша талдау үшін ұсынылғын құжаттарды зерделеу барысында «Өмір қауіпсіздігінің негіздері» міндетті оқу курсы іске асыру жұмысы қаралды. Оқу курсының мазмұнын 1-4 сыныптарда «Дүниетану» оқу пәнінің шеңберінде: жылдық оқу жүктемесі 1-3 сыныптарда 6 сағаттан, 4- сыныпта 10 сағаттан бастауыш сынып мұғалімдері іске асырады. Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 31 қазандағы №604 бұйрығының 3-қосымшасы 4-тарауы 1-параграф 75- тармағына, «Өмір қауіпсіздігінің негіздері» оқу курсының мазмұны 5-9 сыныптарда «Дене шынықтыру» оқу курсының аясында 15 сағаттық жылдық оқу жүктемесімен дене шынықтыру пәні мұғалімдерінің оқытуымен іске асырылады. Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 31 қазандағы № 604 бұйрығының 4-қосымшасы 4-тарауы 1-параграф 81-тармағына сәйкес «Өмір қауіпсіздігінің және ақпараттық технологиялар негіздері» оқу курсының мазмұны 10-сыныпта «Алғашқы әскери дайындық» оқу курсының аясында 12 сағаттық жылдық оқу жүктемесімен алғашқы әскери дайындық пәнінің оқытушы-ұйымдастырушысы жүзеге асырады. Өмір қауіпсіздігінің негіздері бойынша сабақтар міндетті болып табылады және оқу процесі кезінде жүргізіледі. «Өмір

қауіпсіздігінің негіздері» оқу курсының аясында 16 сағаттық жылдық оқу жүктемесімен алғашқы әскери және технологиялық дайындық пәнінің оқытушы-ұйымдастырушысы жүзеге асырады. Өмір қауіпсіздігінің негіздері бойынша сабақтар міндетті болып табылады және оқу процесі кезінде жүргізіледі. Мектепте «Өмір қауіпсіздігінің негіздері» міндетті оқу курсы 1-4 сыныптарда 16 сағат «Дүниетану» оқу пәні, 5-9 сыныптарда 15 сағат жүктемемен дене шынықтыру, 10- сыныпта 12 сағат, 11-сыныпта 16 сағаттық жүктемемен «Алғашқы әскери және технологиялық дайындық» міндетті оқу пәндерінің аясында іске асырылғаны анықталды. «Өмір қауіпсіздігінің негіздері» міндетті оқу курсы 1-11 сыныптарда «Дүниетану», «Дене шынықтыру», «Алғашқы әскери дайындық және технологиялық дайындық» оқу пәндерінің шеңберінде жоғарыда аталған жылдық оқу жүктемесімен іске асырылады.

10). «Жолда жүру ережелері» міндетті оқу курсына іске асыру

Осы өлшем бойынша 2017-2021 жылдар аралығында «Жолда жүру ережелері» міндетті оқу курсына іске асыру жұмысы қаралды. Курс мазмұны 1-4 кластарда әрбір кластан, 5-8 кластарда 10 сағаттан класс сағаттары есебінен және кластан тыс уақыттарда класс жетекшілерімен тақырыптарын көрсете отырып, іске асырылған. Күнтізбелік-тақырыптық жоспарларда көрсетіліп, бекітілген. Міндетті класс сағаттарынан тыс білім алушыларға жолда жүру ережесін меңгерту мақсатында «Жолда жүру ережесін сақтаймыз!» тақырыбында онкүндік, кәмелетке толмағандар арасында жол қауіпсіздігінің алдын алу мақсатында «Балалардың жол қауіпсіздігі» атты республикалық онкүндік аясында «Жолда жүру ережесін білу-жол қауіпсіздігінің негізі» байқауы ұйымдастырылып, өткізілді. Жол қозғалысы ережелері бойынша 1-8 класс аралығында жол қозғалысы қауіпсіздігі және медициналық көмек көрсету тақырыптарында қоса жүргізіліп отырды.

11). Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2015 жылғы 17 маусымдағы № 391 бұйрығымен бекітілген (нормативтік құқықтық актілер тізілімінде № 11716 болып тіркелген) білім беру қызметіне қойылатын біліктілік талаптары және оларға сәйкестікті растайтын құжаттар тізбесі сақталды. Олар өлшемшарттардың 10, 11, 12, 13, 14, 17-қосымшаларына сәйкес толтырылды.

14. Бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білім берудің жаңартылған мазмұны бойынша білім алушылардың оқу жүктемесінің ең жоғарғы көлеміне қойылатын талаптар:

1). Білім алушылардың апталық оқу жүктемесінің ең жоғарғы көлемінің сәйкестігі және сақталуы.

Аталған өлшемшарт бойынша 2017-2018, 2018-2019, 2019-2020, 2020-2021, 2021-2022 оқу жылдарында апталық оқу жүктемесінің ең жоғарғы көлемінің сәйкестігі сақталған. Оқу жылдарын зерделеу барысында жұмыс оқу жоспары мен сабақ кестелерінде әрбір сыныптағы пәндер бойынша оқу сағаттарының нормалары сақталған. Апталық оқу жүктемесінің ең жоғарғы көлемі бастауыш білім беруде – 27 сағаттан, негізгі орта білім беруде 5 сыныпта – 31 сағаттан, 6-сыныпта – 31 сағаттан, 7-сыныпта – 34 сағаттан, 8-сыныпта – 35 сағаттан, жалпы орта білім беруде 39 сағаттан аспайды. Білім алушылардың оқу жүктемесінің ең жоғарғы көлеміне қойылатын талаптар сақталған.

2). Білім алушылардың инвариантты және вариативті компонентін (арнайы білім беру ұйымы үшін түзету компоненті) құрайтын оқу жүктемесінің жалпы көлемінің, сондай-ақ ЖББ ҰОЖ-мен белгіленген сыныптар бойынша апталық және жылдық оқу жүктемесінің сәйкестігі және сақталуы.

Көрсетілген өлшемшарт бойынша құжаттарды зерделеу барысында оқу жылдары бойынша жұмыс оқу жоспары мен сабақ кестелері жасалып бекітілген. Сабақ кестесі жұмыс оқу жоспарына сәйкес жасалған. Сынып журналдарын, жұмыс оқу жоспарын және сабақ кестесін қарау барысында пәндер бойынша инвариантты және вариативті компоненттегі оқу сағаттарының жоғарғы көлемі сақталғандығы анықталды. Білім беру ұйымы таңдаған үлгілік оқу жоспарларға сәйкес жасалған. Сыныптар бойынша апталық және жылдық оқу жүктемесінің инвариантты және вариативті компонент бойынша жалпы көлемі үлгілік оқу жоспарына сәйкес келеді, оқу жүктемесінің ең жоғарғы шекті көлеміне қойылатын талаптар сақталған.

2018-2022 оқу жылдарының инвариантты және вариативті компонентін құрайтын оқу жүктемесінің жалпы көлемі ЖББ ҰОЖ-мен белгіленген сыныптар бойынша апталық және жылдық оқу жүктемесі «kundelik.kz» электронды журналынан зерделеніп, толтырылғандығы

анықталды. 2018-2021 оқу жылында вариативті бөлімнің сабақ кестесі, негізге сабақ кестесімен бірге жасалынған, kundelik.kz электронды журналына солай салынған.

3). «Қазақстан Республикасының орта білім беру ұйымдарында оқу-тәрбие процесін ұйымдастырудың 2021-2022 оқу жылындағы ерекшеліктері туралы» әдістемелік нұсқау хатта көрсетілгендей сыныптарды топтарға бөлуге қойылатын талаптар сақталынды.

15. Білім алушылардың дайындық деңгейіне қойылатын талаптар.

1). ЖБП үлгілік оқу бағдарламалары мен МЖМБС талаптарына сәйкес тиісті білім беру деңгейінің әрбір білім беру саласы (және оқу пәндеріне) бойынша білім алушылардың дайындық деңгейі (оқытудан күтілетін нәтижелер).

Оқу жылдарындағы бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім беру деңгейіндегі білім беру салалары бойынша оқу пәндерінен білім алушылардың дайындық деңгейі «Күнделік» электрондық журналынан ақпараттық жүйемен зерделенді. Жүргізілген сабақтар сынып журналына түсірілген. Жалпы білім беретін оқу бағдарламасына сәйкес ағымдағы сабақ барысында әрбір пәннен мұғалім білім алушылардың білімдерін жүйелі тексерген, ағымдық бақылау жүргізілді. Білім алушылардың оқу пәндері бойынша білім беру мазмұнының көлемін меңгеру дәрежесін анықтау мақсатында қорытынды бақылау өткізілген. Қорытынды аттестаттау нәтижесінде негізгі және жалпы орта білім беру туралы аттестат беру әр оқу жылының маусым айында өткізілген, педагогикалық кеңесте қаралып талқыланды. Бақылау барысында білім алушылар оқу бағдарламасын меңгергендігі анықталып, білім алушылардың оқу жетістігінің деңгейі бағаланған. №48 жалпы білім беретін орта мектебі бойынша инвариантты компоненттегі пәндер бойынша мұғалімдердің сабақтары қаралды, сабақтың оқу бағдарламасының мазмұны мен оқу мақсаттарына сәйкестігі, формативті бағалаудың өткізілуі, педагогтың кері байланыс жасауы, білім алушылардың оқу процесіне белсенді қатысуы, әрбір білім алушыға жеке көңіл бөлу, сабақта цифрлық білім беру ресурстарын тиімді қолдану, мұғалімдердің оқыту үдерісінде белсенді әдіс-тәсілдерді қолдануы, өзге де оқыту үдерісі зерделенген.

2). 2,3,4-сыныптар үшін оны орындау мүмкіндігін ескере отырып (астрономиялық сағаттарда) үй тапсырмасына қойылатын талаптарды сақтау.

«Қазақстан Республикасының орта білім беру ұйымдарында оқу-тәрбие процесін ұйымдастырудың 2017-2022 оқу жылындағы ерекшеліктері туралы» әдістемелік нұсқау хатта көрсетілгендей 2, 3, 4-сыныптар үшін үй тапсырмасына қойылатын талаптар сақталды.

Аталған өлшемшарт бойынша үй тапсырмасына қойылатын талаптардың сақталуын «Kundelik.kz» электронды журналынан қаралды.

Үй тапсырмасын бір оқу күніне беруде орындауға жұмсалатын уақыт шығыны ескерілген, үй тапсырмасының көлемі мен мазмұны бойынша білім алушылардың орындау мүмкіндігі бар. Білім алушылардың мүмкіндігі ескеріліп берілген үй тапсырмалары бойынша талаптар сақталған.

3). Білім алушылардың білімін бағалау өлшемшарттарына сәйкес білім алушылардың оқу жетістіктерін бағалауды жүзеге асыру мен қалыптастырушы және жиынтық бағалау талаптарын сақтау.

Оқу жылдарындағы сынып журналдарындағы бағалау kundelik.kz ақпараттық жүйесімен, қаралды. Оқу жылында ағымдық бағалау баға қою, жаңартылған білім беру мазмұны бойынша балл мен тоқсандық және жылдық бағаларды қою арқылы пән мұғалімдерімен бағаланған. 1-сынып бағаланбаған. Сонымен қатар, оқушылардың тоқсандық және жылдық қорытындыларын шығару жұмыстары жүргізілген.

Білім алушылар бағалануы сынып журналына қойылған. Тоқсандық баға қалыптастырушы бағалау, бөлім және тоқсан бойынша жиынтық бағалау қорытындысының негізінде қойылған. 2-11 сынып білім алушыларының пәндер бойынша жылдық бағалары тоқсандық бағалар жиынтығымен шығарылған, қорытынды баға жасалған. Қалыптастырушы бағалау, бөлім және тоқсан бойынша жиынтық бағалау нәтижелері бойынша білім алушыларға тоқсандық оқу жетістіктерін бағалау бойынша баллы қойылған. Білім алушылардың оқу жетістігін бағалау қалыптастырушы және жиынтық бағалау нысандарында жүзеге асырылған. Оқыту барысында білім алушылар мен мұғалім арасындағы өзара және кері байланыс қамтамасыз етіліп қалыптастырушы бағалау жүргізілген. Қалыптастырушы бағалау бойынша 2-11 сынып білім алушыларының оқу жетістіктерін бағалау 1 балдан 10 балға дейінгі шекте жүргізілген. 2021-2022 оқу жылындағы kundelik.kz электронды журналға қалыптастырушы бағалар сабақ уақытында қойылған. Жиынтық бағалау белгілі бір оқу

кезеңін (токсан, оқу жылы), сондай-ақ оқу бағдарламасына сәйкес бөлімдерді (ортақ тақырыптарды) оқып аяқтағаннан кейін өткізілді. Бөлім бойынша жиынтық өткізілмейтін пәндерге «есептелінді» белгісі жазылған. Білім алушылардың оқу жетістіктерінің нәтижелері шығарылған. Жиынтық бағалау қорытындысы бойынша аттестаттаудан өтпеген білім алушы тіркелмеген. Білім алушылардың оқу жетістіктерін бағалау өлшемшарттарға сәйкес жүргізілген. Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2016 жылғы 21 қаңтардағы №52 бұйрығымен бекітілген (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде №13137 болып тіркелген) білім алушылардың білімін бағалау өлшемшарттарына сәйкес білім алушылардың оқу жетістіктерін бағалауды жүзеге асыру мен қалыптастырушы және жиынтық бағалау талаптарын сақталды («Қазақстан Республикасының орта білім беру ұйымдарында оқу-тәрбие процесін ұйымдастырудың 2017-2022 оқу жылындағы ерекшеліктері туралы» әдістемелік нұсқау хат).

4). МЖМБС талаптарына сәйкес ерекше білім берілуіне қажеттілігі бар білім алушыларды оқыту кезінде инклюзивті білім берудің (дамудың бұзылуын түзету және әлеуметтік бейімдеу) талаптарын орындау жүзеге асқан жоқ, себебі ерекше білім алатын оқушылар болған жоқ.

5). 4, 9, 11-сыныптардың білім алушыларымен күтілетін оқу нәтижелеріне қол жеткізуін айқындау және МЖМБС бекіткен тиісті білім деңгейінің мемлекеттік жалпы білім беру стандартының талаптарында көзделген білім беретін оқу бағдарламаларын меңгеру бойынша оқыту нәтижелерін бағалау бойынша қорытынды аттестаттау арқылы жүзеге асты.

16. Оқу мерзіміне қойылатын талаптардың орындалуы.

1) «Қазақстан Республикасының орта білім беру ұйымдарында оқу-тәрбие процесін ұйымдастырудың 2017-2022 оқу жылындағы ерекшеліктері туралы» әдістемелік нұсқау хатта көрсетілгендей тиісті деңгейдегі жалпы білім беретін оқу бағдарламаларын игеру мерзімдеріне қойылатын талаптарды сақтау және сыныптар бойынша оқу жылының ұзақтығына және оқу жылындағы каникул уақытының ұзақтығына қойылатын талаптарды сақтау туралы мәселелер басшылыққа алынып отырады.

ҚОРЫТЫНДЫ:

«Ақтөбе қаласының білім бөлімі» мемлекеттік мекемесінің «Ақтөбе қаласының №48 жалпы білім беретін орта мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесі №124 «Білім беру ұйымдарын бағалау өлшемшарттарын бекіту туралы» бұйрығы мен 2021 жылғы 3 тамыздағы №634 бұйрығымен бекітілген «Білім беру ұйымдарында мемлекеттік аттестаттауды ұйымдастыру және өткізу жөніндегі нұсқаулықты» басшылыққа ала отырып, өзін-өзі бағалау өлшемшарттары бойынша білім беру қызметі толығымен талқыланды және сайтқа ілінді.

Алдағы 5- жылдыққа арналған жұмыс бағыты:

- Оқушылар класс-комплектілер санын көбейту;
- Сандық оқыту технологияның оқыту үрдісіне енгізу;
- Қашықтықтан оқыту әдістемелерін дамыту;
- Оқушылардың білім сапасын арттыруда әдістемелік ұсынымдарды әзірлеу;
- Инклюзивті оқыту жүйесін енгізуге даярлық жұмыстарын жүргізу;
- Мектептің материалдық базасын үздіксіз нығайту;
- Көнерген жабдықтарды ауысыту;
- Барлық оқу бөлмелерін интекбелсенді тақтамен жабдықтау;
- Қосымша білім беру саласын дамыту.

Мемлекеттік аттестаттау нәтижесі «28» ақпан айындағы 2022 жылғы Комиссияның хаттамалық шешімімен көрсетілген.

Комиссия төрағасы



А. К. Шығасов
(қолы)